**«№ 69 орта мектебі »**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# 1 ТОҚСАН БОЙЫНША ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНА

# ҚОРЫТЫНДЫ АНЫҚТАМА

Г.С.Маханова
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

2024-2025 оқу жылы

**Мектептің тәрбие жұмысына 1 тоқсан бойынша «SWOT» талдау**

ҚР Оқу- ағарту Министрлігінің 30.07. 2024 ж. № 194 бұйрығы негізінде 2024-2025 оқу жылына жылдық жоспар бекітілді.

| **Күшті жақтары** | **Әлсіз жақтары** |
|---|---|
| 1. Мектептің тәрбие қызметі үш салада жүзеге асады: оқыту барысында, сабақтан тыс, мектептен тыс қызметте.2.1 тоқсан бойынша сынып сағаттарының жүйелі болуы.<br>3.Қауіпсіздік сабақтарының 10 минутқа кіріктілуі.<br>4. Апта дәйек сөздерінің іске асырылуы.<br>5.Мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылу жұмыстары тиянақты жұмыс атқаруы.<br>6.Тәрбие жоспарына сәйкес іс-шаралардың өткізілуі.<br>7. «Балалар кітапханасы жобасы»<br>8.«Азамат» ИДН бірлескен жобасы<br>9. «Медиа» жобалар жұмысы<br>10. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы<br>11. Түнгі рейд | 1. Кейбір мұғалімдердің кезекшілікке жауапсыздық танытуы.<br>2.Жоба жұмыстарының әлсіздігі.<br>3. Әлеуметтік көмек көрсетуші демеушілердің тапшылығы<br>4. Оқушылардың сабаққа кешігіп келуі және себепсіз қалуы.<br>5. Сынып жетекшілердің график бойынша берілген тапсырмаға немқұрайлы қарауы. Берілген жоба жұмыстарын жүйелі жүргізбеуі.<br>6. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы атап айтсақ<br>- апталыққа<br>- шебер сыныптарға<br>- тәрбие сағаттарына<br>- мерекелік іс-шараға<br>7. Оқушылар арасында құқықбұзушылық<br>8. Сынып жетекшілер мен оқушылар арасындағы жұмысы<br>9. Күнделік кз сынып сағатының тақырыбы, 1-8 ЖЖЕ, қауіпсіздік сабақтарының атау толтырылмауы. |
| Мүмкіндіктер<br>1.Мектебімізде өзін-өзі басқару, мектеп парламент ұйымдарының құрылып, тиянақты жұмыс атқаруы.<br>2.Мектебіміздегі білім алушылардың отбасы тұрақтылығы, әлеуметтік жағдайының жақсаруы.<br>3. Дарынды оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу, өзін-өзі тануы, дамыту үшін қолайлы жағдай.<br>4.Сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігінің артуы. | Қауіпті<br>1.Ғаламтор желісінен келетін қауіптер.<br>2.Көпшілік оқушылардың бойындағы енжарлық, ұялы телефонға тәуелділік<br>3.Кейбір оқушылардың сабақтан себепсіз қалуы;<br>4.Сынып жетекші мен ата-ана тарапынан қадағалаудың жоқтығы.<br>5.Кибербуллинг пен буллингтің алдын алу |

Ағымдағы оқу жылының бірінші тоқсанында тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сай жүргізілді. Бұл кезеңде мектептің тәрбие жұмысына қатысты іс-шаралар мен сыныптан тыс жұмыстарға баса назар аударылды. Әлеуметтік және медиа жобалар іске асырылды. Оқушылардың белсенділігі мен қатысу деңгейін арттыру мақсатында түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Рейд кезекшіліктері ұйымдастырылды. Мүдделі мемлекеттік органдармен кездесулер өткізілді. Алты құндылықты ұтымды дәріптеуде сынып жетекшілермен семинарлар, ӘБ отырысы, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әр айға құндылық атауы берілді. Сол құндылықты дәріптеу негізінде айлық жоспар жасалды.

| | |
|---|---|
| Қыркүйек | «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы |
| Қазан | «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы |

Күнделікті іс-шаралар:
«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»
«Өнегелі 15 минут»
«Үнемді тұтыну»
«Күй күмбірі»-дәстүрлі қоңырау үні
Апта сайынғы іс-шаралар:
«Менің Қазақстаным»- Гимн орындау

«Қауіпсіздік сабағы»- сынып сағаттары

| Ай Құндылық | Сынып сағаттары | Сыныптан тыс тәрбие сағаттары | Жоба жұмысы | Іс- шаралар | Ата-аналармен жұмыс | Біріккен бірлескен жұмыс |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қыркүйек «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» | 5 | 7 | 3 | 3 | 2 | 1 |
| Қазан «Тәуелсіздік және отаншылдық» | 4 | 5 | 4 | 4 | 2 | 1 |

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының сабақтары

| Сынып | Тақырып | Сабақ саны | Сабақ форматы | Қатысқан ата-аналар саны | Сілтемесі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-4 | «Сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы» 2.Дұрыс тамақтану әдет-ғұрпын құру | 1 | Дөңгелек үстел | 13 | **https://www.facebook.com/share/p/u1LgLmUesSB7WJA3/?mibextid=oFDknk** **https://www.facebook.com/share/p/u1LgLmUesSB7WJA3/?mibextid=oFDknk** |
| 5-9 | 1.Жасөспірімдердегі ұйқы: оқуға және мінез-құлыққа әсері 2.Бүкіл отбасы үшін пайдалы рацион | 2 | Пікірталас | 13 | **https://www.facebook.com/share/p/Peqe1y5TK59PjCsZ/?mibextid=oFDknk** **https://www.facebook.com/share/p/Peqe1y5TK59PjCsZ/?mibextid=oFDknk** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10-11 | 1.Жасөспірімнің ұйқысы мен психикалық денсаулығы | 1 | Зияткерлік сабақ | 13 | **https://www.facebook.com/share/v/4DQM3xLsrhw4UeaE/?mibextid=oFDknk** |

2024-2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүзеге асыру жоспары бойынша **Қыркүйек айы еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы** 1-ші қыркүйек күні «Мектеп–мейірім мекені» атты тақырыпта жалпы мектепішілік алғашқы қоңырау мерекесі аталып өтті. «Білім күнінің» алғашқы сабағы 1-11 сыныптар арасында « Менің Отаным Қазақстан тақырыбында» өткізілді. Іс-шарамен ашық тәрбие сағаттары мектептің әлеуметтік желілеріне салынды. Қыркүйек айында «Білім менің ғасырларға аманат» «Жол қауіпсіздік ережелері» « Буллингтен қорған» « Еңбек түбі береке» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Отбасы күніне орай «Отбасым мақтанышым» тақырыбында жоспар бойынша жұмыстар атқарылып, әлеуметтік желіге жарияланды.

17 қыркүйек күні жоспарға сай ұлдар ұйымының жиналысы өтті. Ер балалар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, мектеп формасын сақтау, тәртібін, жүріс тұрысын, мінез құлықтарының қалыптасуына ықпал ете отыру мақсатында «Зиянды заттардан аулақ болу» жөнінде пікір алмасты.

18 қыркүйек күні мектепте «Бала тәрбиесі- басты құндылық» тақырыбында жалпы бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді.

19 қыркүйек күні мектеп оқушылары «Біздің мектепке буллингке қарсы» челленджін түсіріп, әлеуметтік желіге жарияланды. Және республикалық «Менің сыныбым буллингке қарсы» тақырыбында конкурска қатысты.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында күнделікті атқарылатын шаралар бойынша -

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

• «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау.

Апта сайын атқарылатын шаралар:

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының бірінші күні дәстүрлі түрде білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

• «Апта дәйексөздері» – сынып тақталарында ілініп тұр.

• «Қауіпсіздік сабағы» – сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беріп әлеуметтік желіге салынуда.

26 қыркүйек күні «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбында ата аналармен жиын өткізіліп, балалардың интернет желісінде қандай ойындар ойнап, қандай сайттарға кіретіні үшін ата аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазан айы Тәуелсіздік пен Отаншылдық айы «Қоғамдық мүлікке азаматтық жауапкершілік», «Мәңгілік жаса ,қыран елім Қазақстаным!» ,«Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді, әлеуметтік желіге жарияланды.

Карттар күніне орай мектебіміздің «Қамкор» жобасының мүшелері ауыл қарияларын үйлеріне барып құттықтап, 1қазан карттар күніне орай ұйымдастырылған мерекелік кешке шақырды.

4 қазан күні Ұстаздар мерекесіне орай Өзін өзі басқару мүшелерінің «Дублер» күні өткізіліп, 1-11 сыныптарының оқушылары шығарған құттықтау видеолары мен мектеп бітірген түлектердің құттықтаулары және ата аналардан құттықтаулар жолданып көрсетілді.. «Даналық ұстаздан» челленджіне мектеп оқушылары мен мұғалімдер қатысып челленджге үлестеріп қосты.

Сағат 15.00-ге мереке соңы 11 сынып оқушылары дайындаған «Ұстазым- ұлағатым, үлгі өнегем!» атты мерекелік концертпен аяқталды. Мектеп оқушылары ұстаздарға деген құрметтерін өз ән-билерімен білдірді.

08 қазан жоспарға сай « Аққыз» қыздар клубының жиналысы өтті. Мақсаты: Халықтық тәлім-тәрбие негізінде қазіргі қазақ қыздарының бойында жан сұлулығын қалыптастыру жолдарын көрсете отырып, тазалық пен әдепке үйрету, жоғары сыныпқа бейімделуін, құқық бұзушылық пен қауіпсіздіктің алдын алу, ертежүктіліктің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары, сұрақ-жауап, ашық пікір айту жүзеге асты. Мектебіміздің медбикесі Ф.Мырзағұлова жеке бас гигиенасы-ол күнделікті денсаулықты сақтап, оны нығайтуға бағытталған шара екенін, аурудың алдын алу шараларымен, тән, дене, шаш күтімі, дұрыс киіне білу, мектеп формасын сақтау керектігіне тоқталды. Қыздар клубының жетекшісі Г.Маханова

жиналыстысырласу ретінде өтіп, оқушылар жақсы көңілмен тарқады. Әлі де клуб жоспарға сай жұмыстарын жалғастырады.
10 қазан күні «Лудоманияның алдын алу» тақырыбы бойынша 5-7 сынып оқушыларымен психолог Ш.Аманбаева түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, дәріс оқып, шара соңында «Сізде ойын тәуелділігі бар ма?» деген тест алды.
18 қазан Мектеп президетін сайлауы өтті. Сайлауға 9 оқушы түсті.Қорытындысы бойынша 36 дауыс жинап ,Мектеп президенті болып 8 сынып оқушысы Балтабаева Арайлым сайланды. Барлық парламент мүшелерін жаңадан тағайындалып 24 қазан күні салтанатты жиында ұлықтау рәсімі өтті.
Қазан айында мектебімізде «Біртұтас тәрбие» жоспарына сәйкес«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында сыныптар арасында «Күзгі Асар» ұйымдастырылды.
8-10 сыныптар арасында «Күзгі асар» бойынша оқушылар мектеп ауласына тазалық жұмыстарын жүргізді. Бұл шара әр баланы еңбекке баули отырып, ынтыма- бірлікке баулу мақсатында ұйымдастырылды.
25 қазан Республика күніне арналған жоспар құрылып, әртүрлі іс-шаралар атқарылды.
16-25 қазан күні «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында челленджер жолданды. «Сүйем сені, туған елім» тақырыбында 1-3 сыныптар арасында сурет салу шығармашылық байқауы өткізілді..
23 қазан күні мектеп кітапханашысы «Отаным бақыт - ордасы!» кітап көрмесін ұйымдастырды.
24-ші қазан күні Қазақстан Республика күніне орай Г.Сәрсембаева,А.Абдрамановалардың ұйымдастырылуымен «Республикам мақтанышым» атты мектепішілік мерекелік шара өтті.
Мерекеге байланысты атқарылған іс-шаралардың барлығы мектептің әлеуметтік желілеріне жарияланды.
2024-2025 оқу жылына мектепішілік есепте оқушы жоқ.
Жалпы жыл басынан буллинг, кибербулингтің алдын-алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Мектепте әлеуметтік көрсету жағдайлары анықталған жоқ. Мектебімізде ақша жинау, ұрлық бойынша оқушылар жоқ.
Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқушылар, мектептегі үйірмелермен қамтылған.
2024-2025 оқу жылында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыстарын жалғастыруда «Сапалы ұйқы- балалардың дамуы мен денсаулығының негізі». 1-4 сынып- А.Алматова ,Г.Дәрібаева «Жасөспірімдердің ұйқысы.Оқуға және мінез құлыққа әсері.» 5-9 сынып- А.Абдраманова «Ұйқы және психикалық денсаулық» 10-11 сынып- Л.Изимова өткізді.
Жалпы 25 ата-ана қатысты
Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жоспарға сай сабақтар өткізілуде. Әлеуметтік желіге жарияланды. Әзірлемелер жинақталды.

**Қорытынды:**

Бірінші тоқсан бойынша атқарылған жұмыстар мектеп оқушыларының тәрбие деңгейін арттыруға ықпал етті. Тәрбиелік іс-шаралар балалардың рухани, әлеуметтік, патриоттық, мәдени дамуына ықпал етіп, олардың тәртібі мен белсенділігіне оң әсерін тигізді. Екінші тоқсанға бағытталған жоспарлар мен мақсаттар бекітілді.

Дайындаған :МДТІЖО Г.Маханова